

**Дүниежүзілік Банктің зейнетақы реформасын қолдауға арналған Бағдарламалық Займы бойынша іс-шараларды іске асыру жөнінде ведомствоаралық кеңес құру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 6 шілде N 932, Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.25. N 1176 қаулысымен.

Барлық мүдделі министрліктер мен ведомстволардың Дүниежүзілік Банктің зейнетақы реформасын қолдауға арналған Бағдарламалық Займы бойынша іс-шараларды іске асыру жөніндегі қызметінің жеделдігі мен келісімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мына құрамда Ведомствоаралық кеңес құрылсын:

- |                                    |  |
|------------------------------------|--|
| Өтембаев Ержан<br>Әбілхайырұлы     | - Қазақстан Республикасы<br>Премьер-Министрінің<br>орынбасары, төраға <*>  |
| Есенбаев Мәжит<br>Төлеубекұлы      | - Қазақстан Республикасының<br>Қаржы министрі, төрағаның<br>орынбасары <*>   |
| Радостовец Николай<br>Владимирович | - Қазақстан Республикасының<br>Еңбек және халықты<br>әлеуметтік қорғау министрі,<br>төрағаның орынбасары <*>                   |
| Манабаева Қайни<br>Алдабергенқызы  | - Қазақстан Республикасы<br>Премьер-Министрінің Кеңесі<br>Экономика бөлімінің<br>консультанты, хатшы <*>                       |
| Әлібаев Айдар<br>Байдәулетұлы      | - Зейнетақы қорларының<br>ассоциациясы кеңесінің<br>төрағасы (келісім бойынша) <*>   |
| Әлімұханбетов Нұржан<br>Ержанұлы   | - Қазақстан Республикасының<br>Зейнетақы жүйесіне қатысушылар<br>одағы Директорлар кеңесінің<br>төрағасы (келісім бойынша) <*> |
| Үмбетов Алтынбек<br>Смағұлұлы      | - Жинақтаушы зейнетақы қорларының<br>қызметін реттеу жөніндегі<br>комитеттің төрағасы <*>                                      |

Котенко Наталья Леонидовна	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Экономикалық бөлімінің меңгерушісі <*>
Жәмішев Болат Бидахметұлы	- Қазақстан Республикасының Қаржы бірінші вице-министрі <*>
Абдуллина Наиля Құрманбекқызы	- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
Бектасов Әбен Ағыбайұлы	- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс вице-министрі
Жолдасбеков Азамат Мырзаданұлы	- Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның төрағасы (келісім бойынша)
Мекішев Арман Асылбекұлы	- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Сақтандыруды қадағалау департаментінің директоры (келісім бойынша)
Назыров Фуат Зиннурович	- Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың директоры
Сүлейменов Серік Жүсіпұлы	- Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі
Сұлтанқұлов Ерік Ахметханұлы	- Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының директоры

**Ескерту. Құрам өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.12.22. N 1962 қаулысымен .**

2. Ведомствоаралық кеңес министрліктер мен ведомстволардың зейнетақылық сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру саласында бірыңғай саясатты жасау жөніндегі қызметін үйлестіруді қамтамасыз етсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*